

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректор өкілі
Ж.Томар

« 17 » 06 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

« 17 » 06 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-006-2022


ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА ТЫНДАУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департамент және Дайындық орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова,
 - Академиялық департамент директорының орынбасары М.Келеш,
 - Дайындық орталығының директоры А.Зөхре,
 - Дайындық орталығының оқу-әдістемелік ісі-жөніндегі директор орынбасары Қ.Жолдасова
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова,
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры П.Пилтен,
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дариханов,
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов,
 - Білімгерлерді қабылдау мәселесі бойынша ректор кеңесшісі Е.Төлегенов
4. Енгізілді - 2022
5. Тексеру мерзімі - 2024

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан, 2022



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-006-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 2-беті

Мазмұны

1. Мақсаты	3
2. Қолдану аясы	3
3. Негіздеме	3
4. Қысқартылған сөздер	3
5. Түркия Республикасы және түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушы қабылдау тәртібі	4
6. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды іріктеу тәртібі	4
7. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды білім беру бағдарламаларына орналастыру тәртібі	6
8. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлерді қабылдау тәртібі	6
9. Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушыларды іріктеу	7
10. Оқуға қабылданған тыңдаушыларды тіркеу тәртібі	7
11. Қабылдауға байланысты басқа да жұмыстарды жүргізу тәртібі	7
12. Ережеде қарастырылмаған жайттар	8
13. Өзгерістерді енгізу тәртібі	8
14. Келісу сақтау және тарату	8
15 Қосымша 1	9
16 Танысу парағы	10
16. Өзгерістерді тіркеу парағы	11

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-006-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 3-беті

1. Мақсаты

1.1. Бұл ереженің мақсаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Дайындық орталығына Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген және ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушыларды конкурс арқылы іріктеп қабылдау және орналастыру мен шәкіртақы тағайындау тәртібін реттеу болып табылады.

2. Қолдану аясы

2.1. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Дайындық орталығына Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушыларды конкурс арқылы іріктеп қабылдау және орналастыру мен тыңдаушыларға берілетін шәкіртақыға қатысты жұмыстарды қамтиды.

3. Негіздеме

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;
- "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысы (жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 07.02.2019ж. №39 қаулысы);
- «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері.

4. Қысқартылған сөздер

Осы ережеде берілген:

- 4.1. ТТЕ грант: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген студент контингенттері;
- 4.2. Грант: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін студент контингенттері;
- 4.3. Қабылдау комиссиясы: Өтініш білдірген талапкерлердің құжаттарын тексеріп, ұйымдастыру комиссиясына ұсынатын комиссия;
- 4.4. Ұйымдастыру комиссиясы: Университет пен тиісті мемлекет және қауымдастықтар арасындағы ресми хат алмасуларды жүргізетін, сондай-ақ студенттерді (тыңдаушы) іріктеу мен орналастыру жұмыстарын нәтижелендіретін комиссия;
- 4.5. ҰБТ: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тарапынан жүргізілетін ұлттық бірыңғай тест;
- 4.6. Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі;
- 4.7. ӨІОО: Түркия Республикасының өлшеу, іріктеу және орналастыру орталығы;
- 4.8. СІОЖ: Түркия Республикасының студент іріктеу және орналастыру жүйесі;
- 4.9. Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-006-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 4-беті

- 4.10.Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі;
- 4.11.Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректораты;
- 4.12.Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін білдіреді;
- 4.13.Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.

5. Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыны қабылдау тәртібі

- 5.1. Мемлекеттік білім гранты негізінде Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан қабылданатын тыңдаушылар контингенті Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігі тарапынан анықталады.
- 5.2. Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардың жалпы білім беретін мектептерін немесе колледждерін бітірген азаматтары қабылданады.
- 5.3. Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келетін тыңдаушыларға берілген орынның мемлекеттерге қарай бөлінісі және оларға берілетін Түркия квотасының саны Өкілеті Кеңес тарапынан бекітіледі.
- 5.4. Өкілетті Кеңес тарапынан мемлекеттер мен қауымдастықтарға бөлінген орындарға контингент толмаған жағдайда бос қалған контингенттерді басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтарға үлестіру ректор және ректор өкілі құзыретіне беріледі.
- 5.5. Тыңдаушылар қатарына қабылданатын Түркия Республикасының азаматтары Түркия Республикасының өлшеу, іріктеу, орналастыру орталығы мен студент іріктеу және орналастыру жүйесі (СЮЖ) арқылы конкурстық негізде қабылданады.
- 5.6. Түркия Республикасынан басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушылар университет тарапынан құрылған Ұйымдастыру комиссиясы қабылдаған құжаттар мен емтихан нәтижесімен іріктеледі.
- 5.7. Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келетін тыңдаушылардан құжат қабылдау сәуір-шілде айлары аралығында «Online» түрде жүргізіледі.
- 5.8. Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар контингентіне ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлер қабылданбайды.
- 5.9. Түркия Республикасынан басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушылар Дайындық орталығына ақылы негізде қабылдана алады.
- 5.10. Тыңдаушыларды ақылы негізде қабылдау Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ақылы негізде қабылданған тыңдаушыға университет тарапынан шәкіртақы және жол шығыны төленбейді.
- 5.11. Ақылы негізде оқуға қабылданған тыңдаушы Дайындық орталығымен қоса барлық курстарды ақылы негізде оқиды. Тыңдаушының оқуға төлейтін төлемақысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ректорат тарапынан анықталады.
- 5.12. Түркия Республикасынан басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушылар қатарына жиырма бес жастан асқан азаматтар қабылданбайды.

6. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды іріктеу тәртібі

- 6.1.Тыңдаушыларды іріктеу және орналастыру жұмыстары Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ұйымдастыру комиссияның құрамы орталық директорының ұсынысы негізінде университет ректорының бұйырығымен бекітіледі. Ұйымдастыру комиссиясы талапкерлердің өтініштері мен емтихан қабылдау кезінде өз міндетін атқарады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-006-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 5-беті

6.2. Түркия Республикасынан қабылданатын тыңдаушыларды конкурс арқылы іріктеу жұмыстары ӨІОО және СІОЖ тарапынан жүргізіліп, іріктеу нәтижесі бойынша қабылданған тыңдаушылар тізімі мен құжаттары Өкілетті Кеңес тарапынан университетке жолданады.

6.3. Ұйымдастыру комиссиясының талапкерлердің құжаттарын қабылдау жұмыстарына қатысты міндеттері:

6.3.1. Университет пен тиісті елдер мен қауымдастықтар, елшіліктер арасында хат алмасу жұмыстарын жүргізеді.

6.3.2. Құжат тапсыру ережелерін анықтайды.

6.3.3. Тыңдаушыларды қабылдау ережелерін және тиісті елдер мен қауымдастықтарға берілген контингенттерді **сәуір айында** университеттің web сайтына жариялайды.

6.4. Түркия Республикасына басқа Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келетін тыңдаушылардан іріктеу жұмыстары үшін төмендегі құжаттар қабылданады:

1) Өтініш;

2) Білім туралы құжат және оған қосымшасы (аттестат/диплом).

4) Төлқұжат (аяқталу мерзімі ең кемі 2 жыл);

5) Талапкердің уәждемелік хаты.

6) Соңғы 6 айда түсірілген фотосурет.

Құжаттарын толық өткізбеген талапкер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

6.5. Қабылдау комиссиясы шілде айының 20-25 күндері аралығында барлық құжаттарды қарап әрбір талапкерге қатысты ұсыным хат пен уәждемелік хаттары туралы қорытынды жазып, ұйымдастыру комиссиясына ұсынады.

6.6. Ұйымдастыру комиссиясы Қабылдау комиссиясы ұсынған талапкерлерден шілде айының 26-30 күндері аралығында емтихан ұйымдастырады.

Тыңдаушылардан қабылданатын емтихан арнайы құрылған комиссия негізінде дәстүрлі немесе Online түрінде қабылдануы мүмкін. Емтихан өткізетін пәндер тізімі Ұйымдастыру комиссиясымен бекітіледі. Емтихан сұрақтары қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде құрастырылады.

6.7. Түркия Республикасына басқа Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келетін тыңдаушыларды іріктеу жұмыстары 100 балдық жүйемен бағаланады. 100 балдың 40%-ын аттестатының (дипломның) орта балы, 10%-ын уәждемелік хат, 50%-ын емтихан нәтижесі құрайды (1-қосымшаның 1-кестесі).

6.8. Аттестаттың орташа балын есептеу 1-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

6.9. Уәждемелік хатты бағалу критерийі 1-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес жүргізіледі.

6.10. Емтихан тест форматында қабылданады, 50 сұрақ беріліп, бір дұрыс жауапқа 2 балл беріледі.

6.11. Емтихан сұрақтарын әзірлеуші бөлімдер сұрақтардың және олардың жауап нұсқаларының дұрыстығына, грамматикалық, синтаксистік, семантикалық және де басқа қателеріне жауап береді.

6.12. IT департаменті тест сұрақтарын арнайы тест қабылдау жүйесіне енгізілуін және тесттің өтуін қадағалайды.

6.13. Онлайн тест белгіленген күндері Астана уақыты (GMT+6) бойынша 12:00 мен 18:00 аралығында жүргізіледі және берілген уақыт аралығында онлайн тест тапсыруға бір рет мүмкіндік беріледі.

6.14. Онлайн тест туралы ақпарат талапкер тіркелген электронды поштасына жіберіледі. Онлайн тест туралы ақпаратта онлайн тест тапсыратын сайт сілтемесі, талапкер логині мен құпия сөзі, мерзімі мен уақыты ең кемі 2 күн бұрын 4 тілде (қазақ, түрік, ағылшын, орыс) жіберіледі.

6.15. Талапкер онлайн тестті өз елінде тапсыруға тиіс. Егер емтиханды басқа елде отырып тапсырғаны анықталса (IP мекен-жайы арқылы текеріледі) емтихан нәтижесі жойылады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-006-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 6-беті

- 6.16. Емтихан аяқталған соң ІТ департаменті емтихан нәтижесін Ұйымдастыру комиссиясына береді.
- 6.17. Ұйымдастыру комиссиясының талапкерлерді іріктеу туралы қорытынды отырысы тамыз айының 1-5 аралығында өтеді. Анықталған контингент толмаған жағдайда екінші іріктеу жұмыстары тамыз айының 5 мен қыркүйек айының 5 аралығында жүргізіледі.
- 6.18. Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан іріктелген талапкерлер, университеттің ректоры және ректор өкілі бұйрығымен Дайындық орталығына қабылданады.
- 6.19. Ұйымдастыру комиссиясының іріктеу жұмыстарының нәтижесінде оқуға қабылданған тыңдаушылардың тізімі ҚР БЖҒМ ұсынылады және тізімі университет web сайттарында жарияланады. Тыңдаушы қатарына қабылданған талапкерлерге бір апта ішінде бұйрықтан көшірме беріліп, оқуға қабылданған туралы хабарлама жіберіледі.
- 6.20. Дайындық орталығында оқу күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады. Сабақ қазан айының алғашқы аптасында басталады. Оқыту мерзімі 9 айды құрайды.
- 6.21. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар талапкер оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.
- 6.22. Оқуға қабылданған тыңдаушылар 3 жұмыс күні ішінде жеке сәйкестендіру номерін (ЖСН) алуы тиіс

7. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды білім беру бағдарламаларына орналастыру тәртібі.

- 7.1. Түркия Республикасынан қабылданған тыңдаушылар Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімінен анықталған білім беру бағдарламаларына орналастырылады.
- 7.2. Түркия Республикасынан басқа Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды білім беру бағдарламаларына орналастыру үшін университет ректорының бұйрығымен Орналастыру комиссиясы құрылады.
- 7.3. Орналастыру комиссиясы тыңдаушыларды орналастыратын білім беру бағдарламалары мен оған қабылданатын білімгерлер контингентін анықтайды.
- 7.4. Тыңдаушыларды білім беру бағдарламаларына орналастыру оқу курсының соңындағы GPA балы және таңдаған білім беру бағдарламасының бейіндік пәндері бойынша арнайы қабылданған емтихан нәтижесіне қарай жүргізіледі.
- 7.5. Бейіндік пәндер бойынша емтиханнан өткен және университеттің қабылдау комиссиясы бекіткен білім беру бағдарламаларына түсудің шекті балын алған тыңдаушылар конкурсқа жіберіледі.
- 7.6. Шекті балды алмаған тыңдаушыға Ұйымдастыру комиссиясы ұсынған білім беру бағдарламаларында ақылы негізде оқуына мүмкіндік беріледі.
- 7.7. Тыңдаушыларға бейіндік пәндеріне сәйкес келетін үш білім беру бағдарламасын таңдау мүмкіндігі беріледі.
- 7.8. Ақылы негізде қабылданатын тыңдаушыларды іріктеу және білім беру бағдарламаларына орналастыру жұмыстары жоғарыдағы тәртіп бойынша жүргізіледі.
- 7.9. Ақылы негізде қабылданған тыңдаушы дайындық курсына оқу барысында GPA балының көрсеткішіне қарай босаған гранттық орындар конкурсына қатысу мүмкіндігі бар.

8. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлерді қабылдау тәртібі

- 8.1. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар қатарына жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтар қабылданады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-006-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 7-беті

- 8.2. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ білімгерлер контингенті мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде оқуға қабылданады.
- 8.3. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлерді ақылы негізде оқуға қабылдауды университет дербес жүзеге асырады.
- 8.4. Ақылы негізде тыңдаушылардан іріктеу жұмыстары Ректорат тағайындаған Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ақылы негізде оқуға қабылданған тыңдаушыларға университет тарапынан шәкіртақы және жол ақы төленбейді.
- 8.5. Тыңдаушыны қабылдау жұмыстары әр жылдың тамыз-қыркүйек айларының ішінде жүргізіледі.

9. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушыларды іріктеу тәртібі

- 9.1. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылардың өтініш құжаттарын қабылдау ережесі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №554 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарынан кейінгі білім департаментін 06.08.2018ж. №14-3/738 дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес қабылданады.
- 9.2. **Дайындық орталығында** оқу арнайы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Сабақ қазан айының алғашқы аптасынан басталады. Оқыту мерзімі 9 айды құрайды.

10. Оқуға қабылданған тыңдаушыларды тіркеу тәртібі

- 10.1. Ректорат тарапынан университетке (оқуға) қабылданғаны туралы өздеріне хабарландыру жасалған шетелдік тыңдаушы, талап етілген құжаттарды қазақ немесе орыс тілінде Дайындық орталығына тапсырып, тіркеледі. 5-қыркүйекке дейін құжаттарын тапсырмаған талапкерлер тіркеуге алынбайды (оқуға қабылданбайды).
- 10.2. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан қабылданған Түркия Республикасы азаматтарының құжаттары Дайындық орталығына тапсырылады.
- 10.3. Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген талапкерлер, университетке тіркелу (оқуға қабылдану) үшін мына төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:
- 1) Өтініш.
 - 2) білім туралы құжаттың оған қосымшаның түпнұсқасы және нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда);
 - 3) Төлқұжат, нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда);
 - 4) 6 дана 3x4 фотосурет.
 - 5) 075 –У нысанындығы медициналық анықтама.

11. Қабылдауға байланысты басқа да жұмыстарды жүргізу тәртібі

- 11.1. Виза алу жұмыстары
- 11.1.1. Түркия Республикасынан және басқа елдерден университетке (оқуға) қабылданған тыңдаушыларға кіру-шығу визасы Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен, шығындары тыңдаушы тарапынан төлену шартымен университеттің «Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жүргізу» орталығы арқылы алынады.
- 11.2. Шәкіртақы негіздері:
- 11.2.1. Қазақстан Республикасының тарапынан Білім және ғылым министрлігі белгілеген грант негізінде шәкіртақы алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-006-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 8-беті

11.2.2. Түркия Республикасынан және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларға бөлінген Қазақстан Республикасының мемлекеттік грант орындары толмаған жағдайда, контингенттер арасында өзгерістер жасалып, гранттар бөлінеді.

11.2.3. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушыларға бөлінген Қазақстан Республикасының мемлекеттік грант орындары толмаған жағдайда, контингенттер арасында өзгерістер жасалып, гранттар бөлінеді.

11.2.4. Қазақстан Республикасының тарапынан Білім және ғылым министрлігі белгілеген шәкіртаға қосымша Түркия Республикасының бюджеті есебінен «түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан» келген тыңдаушыларға ҚР грантына сәйкес мөлшерде шәкіртақы беріледі.

12. Ережеде қарастырылмаған жайттар

12.1. Жоғарыдағы ережеде қарастырылмаған жайттар Қазақстан Республикасының заңдарына қарай реттеледі.

13. Өзгерістерді енгізу тәртібі

13.1. Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

14. Келісу, сақтау және тарату

14.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

14.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Дайындық орталығына жүктеледі.

14.3. Осы университет ережесінің бақылау данасын стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығына сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер
вице-ректоры



Э. Идрисова

Қаржы және халықаралық
байланыстар вице-ректоры



П. Пилтен

Стратегиялық даму, рейтинг және
сапа орталығының басшысы



Ж. Дарибаев

Заң бөлімінің басшысы



Г. Мусаханов

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Е. Төлегенов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-006-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі		11 беттің 9-беті

ҚОСЫМША 1

1 кесте. Талапкер құжаттарымен онлайн тестті бағалау балының бөлінісі

№	Құжат атауы	Пайыздық бөлінуі
1	Аттестат не диплом орта балы	40%
2	Уәждемелік хат	10%
3	Түсу емтиханы	50%
Жалпы		100%

2. кесте. Аттестат не диплом орта балының 100 балдық жүйеге айналдыру үлгісі

№	Орта балл	Көбейтілуі	Пайыздық бөлінуі
1	5	$5*20=100$	$100*0,40=40$
2	4,82	$4,82*20=96,4$	$96,4*0,40=38,56$
3	3,33	$3,33*20=66,6$	$66,6*0,40=26,64$

3. кесте. Уәждемелік хатты бағалау критеріі

№	Уәждемелік хат	Балы
1	Уәждемелік хатты дұрыс толтыруы (атауы, кіріспе, дамуы, қорытынды).	2 балл
2	Өзі туралы қысқаша ақпарат: а) Отбасы, оқу жағдайы; ә) Әуестігі (спорт, музыка, жеке шығармашылығы, т.б.); б) Шетел тілін білуі (дәрежесі), халықаралық жарыстарда алған марапаттары.	2 балл
3	Ахмет Ясауи университетін не үшін таңдады? а) Өз еліндегі бір университетте оқымауының себебі; ә) Ахмет Ясауи университетін не үшін таңдады және қайдан ақпарат алғаны туралы.	4 балл
4	Ахмет Ясауи университетіне қабылданған жағдайда Университеттегі оқу және болашаққа қатысты жобасы	2 балл
Жалпы		10 балл

4. кесте. Емтихан тапсыратын пәндер тізімі, сұрақ саны, бөлінген уақыты

№	Пән атауы	Сұрақ саны	Уақыты (минут)
1	Логикалық тест тапсырмалары	25	Әр сұраққа 1 минут 30 секунд. Барлығы 75 минут
2	Логикалық математика	25	
Жалпы		50	

5. кесте. Емтихан бағалау жүйесі

№	Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтар	2 (қанағатсыз)	3 (қанағаттық)	4 (жақсы)	5 (үздік)
1	Тест	0-49	50-69	70-89	90-100